

« 13 » 04 2021 ж.

№ 23 бұйрыққа

1-қосымша

Бекітемін

Нұр-Сұлтан қ. «Білім беруді
жаңғырту орталығы» МКҚК
басшының м. а.

С. Дауешова

« 13 » 04 2021 жыл



«Үздік STEM-lab» қалалық байқауын өткізу туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

Осы Қағидалар орта білім беру ұйымдарының көркем еңбек, графика және жобалау, физика, химия, информатика, биология мұғалімдері арасындағы «Үздік STEM-lab» байқауын (бұдан әрі-Байқау) өткізу және оған қатысу тәртібі мен шарттарын реттейді.

Байқау Нұр-Сұлтан қаласының «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК «STEM academia» ЖШС-мен бірлесіп өткізіледі.

1.1. Байқау білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында заманауи білім беру технологиялары мен әдістемелерін қолдану бойынша орта білім беру ұйымдары педагог қызметкерлерінің тиімді және озық тәжірибелерін таныстыру, тарату нысандарының бірі болып табылады.

1.2. Байқауды ұйымдастыру, өткізу және байқау материалдарына бағалау жүргізу мақсатында Ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі - Ұйымдастыру комитеті) құрылады.

2. Мақсаты мен міндеттері

2.1 байқаудың мақсаты - көркем еңбек, графика және жобалау, физика, химия, информатика, биология мұғалімдерінің ақпараттық-коммуникациялық және технологиялық құзыреттілігін арттыру.

2.2. Байқаудың міндеттері:

- үздік педагогикалық тәжірибелерге қолжетімділікті қамтамасыз ету;
- оқу процесінде STEM (STEAM) технологияларын қолдану бойынша педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту;
- заманауи педагогикалық тәжірибені жинақтау және насихаттау.

3. Байқау тілі

Қазақша, орысша.

4. Байқау кезеңдері және оларды өткізу шарттары:

1-кезең: Эссе

1) «Біздің мектептегі STEM білімі» тақырыбына эссе жазу. Эсседе не сипаттау керек:

- a) сіз STEM-зертханасында не істейсіз?
- b) STEM-зертханасы оқу процесінде қалай қолданылады?
- c) STEM-ді пәндердің оқу жоспарына біріктіру үшін қандай әдістер қолданылады?

*Эссе мектептегі STEM-зертханасын пайдалану туралы болуы керек (400-600 сөз).

2-кезең: бейнесабак (оқу жұмысын ұйымдастыру нысаны, педагогтің әртүрлі әдістерді - STEM (STEAM) технологияларын оқу бағдарламасында айқындалған білім алушының қойған мақсаттарына қол жеткізу үшін пайдалануы және т. б.).

***Бейнесабак STEM-зертханасында түсірілуі міндетті.**

1) мемлекеттік мектеп бағдарламасында пәндердің бірі бойынша тақырыптардың біріне бейнесабак түсіру. Сабак тақырыптарының үлгілері (мысалдары):

A. «Тәжірибеде беттік үйкеліс коэффициентін зерттеу» (физика)

B. «Роботтар жұмысы мысалындағы Циклдік алгоритмдер» (информатика, робототехника)

C. «Робот логикасындағы математикалық модельдер арқылы геометриялық пішіндерді зерттеу» (геометрия, сызу, робототехника)

D. «Токарлық станоктың көмегімен тостаған жасау» (технология, Көркем еңбек)

E. «Атомдардың байланысын визуализациялау үшін молекуланың 3D моделін құру» (химия)

F. «Бұрышпен лақтырылған дененің қозғалысын модельдеу» (информатика, физика)

G. «Ішкі клапандардың жұмысын визуализациялау үшін жүректің 3D моделін жасау» (биология) және т.б.

Сабақтың тақырыбы мен әдістемесі толығымен мұғалім таңдауына байланысты, бірақ белгілі бір мектеп тақырыбын оқытуға көмектесуі керек. Оқушылардың сабаққа қатысуы мұғалімнің қалауына қатысты (мүмкін немесе жоқ).

2) оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес қысқа мерзімді сабақ жоспарын (әрі қарай - ҚМЖ) ұсыну.

5. Байқауға қатысу тәртібі

5.1. Байқауға орта білім беру ұйымдарының көркем еңбек, графика және жобалау, физика, химия, информатика, биология пәндерінің мұғалімдері қатыса алады;

5.2. Байқауға қатысу үшін өтінімді толтыру қажет (Қосымша). Байқауға қатысушылар эссе, бейнесабак, қысқа мерзімді жоспар дайындайды.

5.3. Бұрын жарияланбаған, басқа байқауларға қатыспаған, интернет желісінде орналастырылмаған материалдар жіберіледі.

6. Байқауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі

6.1. Ұйымдастыру комитеті байқау материалдарын жинақтайды, байқау жұмыстарын бағалауды жүзеге асырады және үздік жұмыстарды айқындайды.

6.2. Байқаудың қорытындысы Нұр-Сұлтан қаласының «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК, «STEM academia» ЖШС сайтында, әлеуметтік желілерде және БАҚ-да жарияланады.

6.3. Авторлық құқық. Байқауға қатысушы ұсынылған материалға авторлық құқықтың болуына кепілдік береді.

7. 1-кезеңді бағалау критерийлері:

7.1. Мектеп бағдарламасында STEM зертханасын қолдану тәжірибесі;

7.2. STEM-зертханасы мектеп бағдарламасында қамтылуы;

7.3. STEM көмегімен оқыту әдіснамасының креативтілігі;

7.4. эссе мазмұнының мәлімделген сұрақтарға сәйкестігі;

7.5. нақты мысалдар келтіруі;

7.6. мәтін бірізділігі, жүйелілігі.

8. 2-кезеңді бағалау критерийлері:

8.1. ұсынылған жұмыс мазмұнының байқау бағыттарына сәйкестігі;

8.2. өзектілігі, білім берудің заманауи талаптарына сәйкестігі, материалдың практикалық бағыттылығы және әдістемелік құндылығы;

8.3. білім берудегі STEM (STEAM) технологиясының көрінісі;

8.4. АКТ құралдарын пайдалана білуі;

8.5. сюжеттік желіні құру логикасы;

8.6. бейнематериалдың анықтығы;

8.7. дыбыс сапасы.

Критерийлердің әрқайсысы бойынша (7 және 8 – тармақтарға) 0 – ден 2 баллға дейін беріледі (0 балл-бағалау критерийі көрсетілмеген, 1 балл-ішінара көрсетілген, 2 балл-толық көрсетілген). Сараптамалық кеңестің әрбір мүшесі балл қояды, одан кейін қорытынды болып табылатын орташа балл болады.

9. Байқауға ұсынылған жұмыстарға қойылатын талаптар

*Бейнесабак STEM-зертханасында түсірілуі міндетті.

Бейнесабактың техникалық сипаттамалары:

- HD (1280x720) бастап Full HD (1920x1080) дейін);

- формат*. mp4;

- бейнематериалдың хронометражы 10 минутқа дейін;

*Байқауға қатысуға өтінім (Қосымша);

* Эссе 400-600 сөзден аспауы тиіс.

10. Қорытындылау

Үздік жұмыстар 1,2,3 дәрежелі дипломдармен марапатталады. Байқауға қатысушылар сертификаттармен марапатталады. Үздік бейнесабактар STEM-зертханасын пайдалануға арналған бейнесабактар жинағына енеді.

11. Байқауға қатысу

Байқауға қатысу үшін келесі құжаттарды жолдау қажет:

10.1. Байқауға қатысу туралы өтінім (қосымша);

10.2. Эссе;

10.3. Бейнесабак және қысқа мерзімді сабақ жоспар.

10.4. Байқау материалдары 2021 жылғы 20 сәуірден 7 мамырға дейін электронды түрде келесі электронды мекенжайға ұсынылады: gul.duisenbayeva@gmail.com

*байқау материалдарының барлығы (өтінім, эссе, бейнесабак, ҚМЖ) міндетті түрде ілеспе хатпен жіберіледі.

Байқау нәтижелері Орталық сайтында <http://astana-modern.kz/> 18.05.2021 ж. жарияланады.

Қосымша

Өтініш парағының үлгісі

Толық аты-жөні	
Жұмыс орны	
Лауазымы	
Жұмыс өтілі	
Эссе	
Бейнесабак	
Қысқа мерзімді жоспар	
Краткосрочный план	
Байланыс телефондары: жұмыс, ұялы, электрондық пошта мекенжайы (E-mail)	